

Л 2006

6535 18

ҚАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ

2

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ

1

2

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ

МЫ ЖАЕМ ТЕБЯ
ГУЛБЗАТ



Калдарбек Найманбаев

ЕЛЕНЬ
ОЛМА

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ

КӨКТӨБӨ

КАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ

Учмт
ӨТКЕЛІ

Данк
туғырыл

Калдарбек Найманбаев

АТА

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ

Көзүңе жеткен кітаптарым

ГОРОГА

Менің

Саған

әбден

Көзүңе жеткен кітаптарым



**ҚАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ**





К. Хан-Умаров

ҚАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ

Екі томдық шығармалар жинағы

2-ТОМ



Алматы
“Жазушы”
2005

ББК 84 Қаз 7-44

Н 18

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Құрастырған Тілек Дәулетов

Найманбаев Қ.

Н 18 Екі томдық шығармалар жинағы. **2-том.** — Алматы:
Жазушы, 2005. — 320 бет.

ISBN 9965-701-74-1

Қалдарбек Найманбаев өткен ғасырдың 60-жылдарының басында казак әдебиетіне келіп қосылған, туған әдебиетіміздің деңгейін асқар биікке көтерген қарымды да алымды қаламгерлер легінің лайықты өкілі. Оның шығармалары өлемнің 20-дан астам тілдеріне аударылып, жарық көрді. Марқұмның оқушы қауымға ұсынылып отырған екі томдық шығармалар жинағына таңдамалы повестері мен әңгімелері енгізілген.

Н $\frac{4702250202-026}{402(05)-05}$

ISBN 9965-701-74-1
SBN 9965-701-72-5

© Найманбаев Қ., 2005
© “Жазушы” баспасы, 2005



*Студенттік жылдарды бірге өткізген достарым,
осы кітапты сендерге арнадым.*

Қалдарбек.

БАСТАУ

Шекербек және біз

Талас бойынан тағы бір сәлем! Есендікте боларсың? Алматыдай астананың саялы бағынан аттап шыққың келмейді. Ендеше, бәрі де басбармақтай болуы керек.

Біз де аманбыз. Арғы-бергі тарихқа әйгілі көнеұлтан Таластың бойында ойнап-күліп, жүріп жатырмыз. Балашаға, қатын-қалаштар да түгел сондай. Үйдегі отағасының асығы алшысынан кеп түрса, олардың ойнап-күлмей жыны бар ма?

Бұл хатты кезексіз жазып отырғаным — жақында мектептен кеттім. Завуч ем ғой. Машақаты көп тірлік екен. (Бүгінгінің баласы шетінен заржақ, таңдайы тақылдап, жоқтан озгені сұрайды. Жауап таба алмай, талай қызардым-ау). Баяғыда мұғалімдік оқуға неғып барғанымды осы күнге шейін ұғып болғаным жоқ. Әнебір ағай “көмектесем” деген соң көне салып ем...

Бәрін айт та бірін айт, ағаң қазір ауылсоветтің бірдей председателі. Астымда су жаңа машина. Кәдімгі бес кісілік белді газик. “Волгаңнан” бірде-бір кем емес. Жақында орындықтарына қызыл қыжымнан жапқыш жасаттым.

Енді ауылға келе қалатындай болсаң, Жамбылдан алдыннан шығып қарсы алуға халіміз жетеді, шүкір!

Әзірге жаңалық осы. Жақында тағы кезексіз хат жазып қалуым кәдік. Біздің үйдегі бәйбіше ортан қолдай бір ұлды томп еткізуге әзір отыр. Ертерек есіте қалсаңдар, телеграмма

жіберсеңдерші. Шілдеханаға жиналғандарға “Алматыдан келген құттықтау” деп оқып беруге жақсы.

Жаңадан үй салып алғанымды өткен хатта айтқанмын. Өзің қалайсың? Сол баяғы шаруа ма? Әнебір жазғаныңды оқыдым. Махаббат мәселесіне ойыса беріпсің.

Әзірге азын-аулақ білетінің де сол шығар. Баяғыда қатар жүргенде бір қыздың қолынан ұстасақ, ол құрғырлардың сені көргенде көздері жайнап кетуші еді ғой. Қазір ол қадір алыстаған болар?

Ал енді бір әңгімені тотесінен айтайын — осы мен секілді белді, беделді досың туралы жұтынып тұрған очерк жазу қолыңнан келмей ме? Көпке үлгі етерлік тірлігіміз бар. Ендеше, қашанғы күтеміз? Әлде басы алтын болса да, жолдасын мақтап жазбасын деген заңдарың бар ма? Бар болса, оны айт. Жоқ болса, жаз!

Үй ішіңе менің көп-көп сәлемімді жеткіз.

Хабарласып тұрайық. Хат жазуға ерінсең — телефон соқ. Менің атымды айтсаң — аудандағылар қолма-қол жалғайды. Таба алмасаң — үйге званда.

Хат жазуға сөзің таусылып қалатындай тіптен сараңсың. Мен білетін үлкен жазушылардың бәрі жолдастарына үзбей хат жазып өткен. Өзің білмейді екенсің, ең болмаса бір мезгіл солардан үйренсеңші...

*Күліп тұрып қолыңды қысушы
Шекең (Шекербек).*

* * *

... Ол өткен кеш тойға кеткен. Жай кеткен жоқ, бәріміздің аузымыздан сілекейімізді шұбыртып, отау тігетін екеудің жақсылығын айтып жеткізе алмай кеткен — “үйленетін жігіт осы жақында диссертация қорғады. Тақырыбы тамаша көрінеді. “Дайын докторлық еңбек” депті оқығандар. Қыздың да білімі жоғары. Тағы бір институтта сырттай оқиды екен. Тәптіштей беретін түгі жоқ, екеуі де — сұлу. Екеуі де — пып-пысық. Екеуінің де әке-шешелері әйгілі кісілер. Қыздың туғандары — осында. Әкесі — астанадағы бір үлкен мекеменің көптенгі бастығы. Жігіттің туғандары — ауылда. Әкесі — бір ауданның төрағасы.

— Бірін-бірі дәл тапқан. — Ол бізге қадала қарап, таңдайын тағы тақ-тақ еткізді.

Ұмытып барады екенмін. Шекербек тойға түс қайта-ақ жинала бастаған. Ұзақ жуынды, ұзақ таранды. Сонан соң мүздай боп киінді. Бір басындағысы да аз емес еді. Оған төртеуіміздің іліп аларымызды түгел қосты — аяқ астынан Егізбайдың жаңа тіктірген жалғыз шымқай қара костюміне

аңсары ауды. Қойсын ба? Киді. Оның алдында Рахымның көк шайы көйлегі мен менің галстугімді алған болатын. Енді ол бәтеңке іздей бастады. Егізбай шыдамады білем:

— Әй, өзіндікін қаттап қойып, ығи өзгенікін кигенінді қашан қоясың, осы? — деп мырс етті.

Мұндайда шаң жұқтыратын Шекербек пе:

— Көрген-баққаның осы шүберек шығар, ә? — деп, кіжініп шыға келді.

— Мен жөнін айттым.

— Жөні ол емес.

— Енді қайсы?

— Бір кешке несі кетеді. Өлгенше тарылып. Ұятты кісілердің үлкен қуанышына бара жатырмын. Жүзіктің көзінен өткендей болып отырмасаң, тағы жараспайды. Ол тойға келетіндер сен сияқты жалаңаяқтар деймісің. Салауатты кісілер, солардың балалары, туған-туысқандары.

Шекербек әлі жекіп тұр, әлі жекіп тұр...

Оның мінезін басындағы тақиясындай білетін Егізбай қайтып тіл қатқан жоқ. Өйткені, бір сөйлеп кетсе болды, Шекербекті тоқтату, әйтпесе уәжге жығу — асау өзінді кері ағызғанмен бірдей.

Алғаш жатақханаға бірге жайғасқанда оның осы ірілігін көтерс алмай қатты шекісіп қалғаным бар.

... Ол бөлмеге күнде кеш келеді. Бірде туысының үйіне барады. Бірде жерлестерін жолға шығарып салады. Бірде қарындасын күтіп алады.

Мейлі, жөн-ақ болсын. Бірақ, бір жаманы — бейуақытта келеді де, әй-шай жоқ, шам жағады. Енді сол бойымен жата кетудің орнына түтінін будақтатып темскі тартатыны бар. Кейде ұзақ отырып, газет-журнал, кітап оқитынын қайтерсің. Осының бәрі аз болғандай бір мезгілдері әңгімеге көшеді. Оның ұзын ырғасы — әлгі ауылдастарын, туған-туыстарын мақтау-мадақтаудан әрі аспайды. Бұған да ұйқылы-оюу “иә, иә” деп жата беруге де болар еді. Менің суканым сүймейтіні — шақырайған шам жуықарақта өшпейді.

Ол алдымен киімдерін тазалайды. Бәтеңкесін сүртеді. Сонсоң барып оны майлайды. Қолын жуады. Көйлегін өтектейді. Шашын сулайды. Тарайды. Сақалын алады. Бет-аузына иісмай жағады.

Шыдамаған соң зәуде бір: “Жатсаңшы, ертең де күн бар ғой” десең-ақ, қызылкөз пәлеге қаласың.

— Өй, өңкей жалаңаяқтар. От басы, ошақ қасында қалған пақырсыңдар ғой. Қараңғы үйде ертелі-кеш қорылдап ұйықтағаннан басқаны қайдан білейін деп едіңдер, сендер! Қай құдай жетеледі десеңші мені осы бөлмеге, — деп бастайды да, аузына келгенін бәрін тізіп шығады.

— Бұл әкеңнің үйі емес. Жатақхана. Саған да, маған да ортақ. Жұртпен араласпай жабайы болып өскендеріңе мен жауапты емеспін. Айқай-шуды көтере алмайтын болсаңдар, пәтер жалдап алыңдар. Шайға да қанасыңдар. Ұйқыларың да тыныш.

Бұдан арғысын естігім келмейді. Бір күрсінемін де, аунап түсемін. Егізбай “уһ” дейді. Рахым сылқ-сылқ күледі. Қабыл қажыған кейіппен темекіге қол созады. Бірақ Шекербек тоқтамайды. Төртеумізді де жерден алып, жерге салып, әбден сілікпемізді шығарып барып, әрең дегенде тыншығады.

Сондай мазасыз түндердің бірінде Шекербектің бейуақытта жаққан шамы ет пісірім мезгіл сөнбеді. Әрі жаттым, бері жаттым. Ұйқы қашып кеткені қашан. Аунақши-аунақши басым дағарадай болып, солқылдап барады. Бір кісідей-ақ шыдап бақтым. “Құрысыншы осы, қатар жүріп жүз шайысқан жаман” деп өз-өзімді алдарқатып та көрдім. Болмады.

Болмаған соң:

— Шекербек, жететін шығар енді, өшірсеңші, — дедім. Ол есітпеген адам сияқты. Селт етер емес.

— Шекер-бек!.. — дедім тағы да.

Үн жоқ.

Әбден ашу қысты. Сол-ақ екен, көрпені серпіп тастап, жан-жағымды қармана беріппін. Кереуеттің астында бізтүмсық қара бәтеңкем жататын еді. Қолыма ілінгені сол болды. Шекербекке қарай бар пәрменіммен жіберіп қалдым. Құлақшекеден оңбай тиді білем, “ойбай” деп ыршып түсті.

— Шамды өшір де, тез жат!

Алғашқыда кімнің ұрғанын аңғармай қалған екен.

— Әй, әкеңнің... — деп маған жалт бұрылды. “Болары болды ғой” дедім де, орнымнан атып тұрдым. Қолымда әлгі бәтеңкенің қалған сыңары. Мандайдан тағы бір “сипап” өттім.

Алдындағы ауыр соққы бар, кейінгісі және, оның үстіне менің түр-әлпетім кісі шошырлық болса керек, Шекербек шегіншектей берді.

Сол екі ортада Егізбай ұшып тұрып, мені ұстай алды.

— Шамды да, үніңді де өшір. Қазір жат!

— Әй, әкеңнің... Жарымаған жалаңаяқ. Бұл қай басынғаның?! — деп жаныма Егізбай келген соң ол тағы ілгері ұмтылып еді.

— Өлейін демесең жат! — Мұншалықты айқайлап көрмеген шығармын.

— Әй, сені жын ұрған ба, аяқ астынан мұның не? — Егізбай күбір-күбір етеді.

Шекербек одан әрі өршелене қойған жоқ. Үнсіз жатып қалды. Мен де төсегіме келдім. Қатар керсует — Рахымдікітұғын. Еңкейе беріп едім, құлағыма булыққан бір үн келді. Сөйтсем, ол көрпенің астында күліп жатыр екен. Оны Егізбай да естіп:

— Неменеңе мәз боласың, ей? — деді.

Рахым басын көтерді.

— Керімбек, мына бүгінгің үшін... — дейді ол күлкіге булығып. — Бүгінгің үшін... Осыдан таң атсын! Той жасаймын. Қақ төрде өзің отырасың. Ақыры құтқардың-ау. Бар екенсің ғой, бауырым!

Күліп жіберіппін.

— Бір бөлмедегі бесеуіміз осылай төбелесе берсек...

Егізбай ренжіп жатыр.

— Жоқ, төбелеспейміз. Енді болды. Ол шамды өшірді ғой. Рақмет! — дейді Рахым.

Содан бері Шекербек шам жаққанымен де шамалап жағатын болған.

* * *

Шекербек шырғай киініп алып, бір құты әтірді орталап болған соң бізге маңғаздана қарады да, шығып кетті. Ол кеткеннен кейін Рахым:

— Осы Шекербектің тойға барса біздікін, театрға барса өзінікін киетіні несі? — деп еді, Егізбай мырс етті.

— Арақ-шарап төгілсе, май шашыраса — сенікі бүлі-неді де...

Тойдан таң ата келген Шекербек. Табалдырықтан аттасымен дабырлай жөнелді.

— Сендер ғой, маубастанып әлі жатырсыңдар. Мен бір сұлудың етегінен ұстадым. Мықтап ұстадым. Өзі ме, өзі — айтатыны жоқ, кәдімгі хордың қызы.

Егізбай көзін уқалап, төсегінен тұра беріп еді, Шекербек оның жанына жетіп келді.

— Тыңдап отырсың ба?

— Нені?

— Қап мынаны-ай, ә! Сен де кісі болудан қалған екенсің.

— Неменеге еңтігіп жүрсің? — дейді Егізбай манаурап.

— Ондай қыз сенің түсіңе де кірмейді.

— Маңдайыңда айы, көзінде күні бар ма екен, сондай-ақ?

— Бәрі де бар. — Шекербек танауы желп-желп етіп, жуықарада тыншығатын емес. — Жаңа ғана шығарып салдым. Үйіне кіріп бара жатып, бұрылып қарағанын айтсаңшы.

— Жарайды, әзірге бізге осы да жетеді.

— Сен кітап жастанып қорылдап жатқаныңда өзіміз қыздың оң жағында отырып ән салдық қой. Бір айтулы кеш болды. Сұрама.

— Сұрап отырған мен жоқ. Сүрініп-қабынып жүрген өзің, — дейді Егізбай одан оңай құтыла алмайтынын жаңа ұққандай.

— Бұлар өстеді... Сәл иілсең, болды, шалқасынан түседі. Өңкей бір... — деп Шекербек кейіске кетіп бара жатыр еді, Рахым шыдамады білем:

— Аяғына көз салдың ба? Түзу ме екен? — деді.

— Аяқта тұрған не бар, тәйірі?!

— Е, жазған...

— Қыңырайғаныңды қой, әй!

— Алдымен аяқты түгендеп алу керек. Түзу баса ма екен...

— Сендей шәртікке ол қыз көз де салмайды.

— Мейлі.

— Ендеше, тіл беземей жайыңа жат.

— Мейлі.

Көп ұзамай Шекербек ұйықтап қалды.

Сәске түсте тұрдық. Біз жуынып болғанша Егізбай көк шайнекке ашылап шай демдеп әкелді.

Күн көтерілісімен аядай бөлменің іші ысып жүре берді. Бір жылымшы қапырық тынысыңды тарылтады. Қыстайғы астықтан жаңа босаған қамбаның ішінде тұрғандай сезінесің. Дастарқан үстіне төгілген қант қиқымына шыбын біткен жан-жақтан ә дегенше анталап келіп қалды. Біз де жан-жақтан ә дегенше анталап келіп қалдық. Сол-ақ екен, бір қырман нан сары майдың жетегінде жылмаңдап кете барды.

Түк шыдатпайтынымызды сезсе керек:

— Шекербекті ұмытып кетпендер, — деді Егізбай.

— Кешегі тойдың тоғы тәуілігіне жеткізген шығар.

— Қылжақты қойсандаршы. — Егізбай наннан алақандай етіп кесіп алды да, үстіне қалың етіп май жағып, оның бетіне шекер сеуіп, дастарқанның шетіне қойды.

— Бір сұлуға ен тағып келдім деп жатқан жоқ па еді, мана? Енді оған ас батар деймісің...

Рахым маған қулана бір қарап, көзін қысып қойды.

— Сен екеуіңе дауа жоқ екен. — Егізбай еріксіз мырс етті.

Дәу көк шайнектегі шай орталана бергенде Шекербек басын көтерді.

Мана әжептәуір масаң сияқты еді. Бет-жүзі домбығып, көзін аша алмайтын шығар деп отырғанбыз. Жоқ, түк көрмегендей

рақаттана есінейді. Әншейінде жел кеулеген шөмеледей ұйқы-тұйқы жүретін шашы да тарақ тартқан жерде тұра қалған. Төсегі де жинақы. Біздің аң-таң отырғанымызды елемегендей. Өзімен-өзі төтті бір күрсініп:

— Немене, түс болып қалған ба? — деді.

— Күні-түні бірдей көп қызықтың арасында жүрген адам уақыттың өткенін білмей қалады деуші еді.

— Сол рас екен-ау.

Шекербек үндеген жоқ. Кей кездері: “өй, тілі мен жағына сүйенген өңкей жалаңаяқтар” деп жекіп тастайтын. Жоқ, бұл жолы құдай жарылқап, жауап қатпады.

— Түр тезірек. Ыстықтай шай ішпеймісің. Басың бас емес, асқабақ шығар, қазір? — деп Егізбай да бір қағытып өтті.

Әлсін-әлсін ұрлана қарап қоямыз оған — “біз білетін Шекербек болса, енді тұтанатын шығар. Манағы әзірдегі мақтаныш сөзін ұмытқан жоқ қой. Ендеше, бір нәсер құйындатып келе жатыр”.

Бірақ Шекербек асығар емес. Екі қолын айқастыра жастанып, әлі үнсіз жатыр.

Бір кезде кереует сықыр ете қалды.

— Сендер осы кісіні қажамай, тыныш отырғандарыңа ақы аласыңдар ма?

Бұрындары ә дегеннен-ақ “түбірінде адам сыйлап көрмеген сорлылар” деп жұлқып әкетуші еді. Тіптен сынып қалыпты. Майда тартып, жуас жұғысады.

— Мұның бәрін сіздің көңіліңізді аулау үшін айтып жатырмыз. Әйтпесе, бұл жерге әзіл жүрмейді. Шекеңдердің қызбен танысуы деген өмірде бір-ақ кездесетін оқиға. Оны білмей бізді қара басып па, жаным-ау... — деп Рахым қамшылап-ақ жатыр. Бірақ Шекербек былқ етер емес.

Ол керіліп-созылып орнынан тұрамын дегенше біз шайды ішіп те болдық. Ішіп болдық та, төсегімізге қайта құлай-құлай кеттік.

Ендігіміз — тоқжарау таңертеңгіліктен кейінгі селқос сәттер. Әлгінде ғана Шекербекті қоймай түртпектегеніміз де естен шыққан тәрізді.

Қабыл мұрнын уқалай береді. Мұрнын уқалап-уқалап алады да, жан-жағына қарайды. Темекі іздейтін сияқты. Рахым көзін тарс жұмып алған. Маңдайына қонған бірді-екілі шыбынды қалт жібермей қағып тастаумен әлск.

Әлден уақыт өтті. Шекербек жуынып келді. Сосын бетін иісмаймен ұзақ сүртті. Бұрынғыдай қабағын жорта қарс жауып, тамағын қеней беретін әдетінен ада болған сияқты —

ыңылдап өлең айтып жүр. Бір мезет манағы май жаққан нанды қолына алды да, аузына апара беріп, қайта қойды. Сонсоң кеседегі шайдан бір ұрттады да, жымыып бізге қарады.

— Мыналардың шөниіп жатысын-ай!

Үндегеніміз жоқ.

— Қайтсін бейшаралар. Қалталары тесік болған соң осылай жәудіреп жатады да. Қыздар көзіне ілмейді. Қыз қарамаған соң бәрі қараң емес пе? Құрысын бүйткен тіршілік! — деп Шекербек өз-өзіне риза болып, айна алдына барды.

— Нан батпай түр ма? — деді Егізбай.

Рахым басын көтеріп алды.

Маналы бері осы сәтті күткен болуымыз керек. Шекербек үйреншікті мінбесіне көтерілді. Енді тоқтамайды. Әбден бабына келу үшін алдымен бізді қағып-сілкіп, көңіл жайламақшы. Иісмайды көп жаққанына қарағанда өзі бір жаққа бармақшы да.

Менен бұрын оны Рахым сезген екен:

— Шеке, жол болсын? — деді.

— Сендерге оның керегі жоқ, — деді Шекербек жұлып алғандай.

— Жок, біздікі әншейін ғой. Құпия болса керегі жоқ. Қиналма. — Рахым мүләйімси қалыпты.

— Соны білсең, жайыңа отыр.

Қабыл басына байлаған сүлгісін жұлып алды. Темекінің азабы өтсе керек. Әлгі сүлгіні кіжіне умаждаған күйі:

— Жалғыз кетпейсің. Бәріміз бірге барамыз, — деді. — Көп болса, кешегі қызбен кездесетін шығарсың.

Шекербек оған жалт қарады.

— Сақырлатып сендерді қайтемін?

— Бірге қыдырамыз.

Соны күтіп отырғандай біз де “шабуылға” шықтық.

— Жаңа танысынан айырылып қалам деп қорқатын шығар.

— Осыдан бөлек кетсе көріп алармыз.

— Рас-ау, есі бар қыз сыбызғыдай тартылған біз тұрғанда күбідей қылып Шекербекті қайтеді.

Ол орнынан тұрып кетті. Екі қолы — қалтасында. Жап-жалпақ беті қызылтеңбілденіп, бүлк-бүлк етеді.

Күтпеген тұста құпиясын ашып алған адамдай алғашқыда абдырап қалды. Әлден соң өз-өзіне келіп, ес жинай бастады. Саусақтарын сытырлата бір өтіп, терезе алдына барды. Еңкейіп сыртқа көз салды. Қайта оралды да:

— Өңкей бір... — деп Егізбайға бұрылды. — Мен ол қызды бармақтай балмұздақпен алдап, көшеде қолынан сүйреп жүре алмаймын.

— Онда бөлмеге шақыр. Көк шайнектің қайнауы тез ғой.
— Әй, Егізбай, біреуді қағытқан сенің неңді алған.
— Онда ресторанға баста. Қуанышыңа ортақ болайық.
Тілеулеспіз. Азды-көпті бір дастарқандағыны бөле-жара жеп жүрміз.

— Бәріңді ме?

— Бұл бөлмеде шеттететін кім бар? Түгел көзі жәудіреп жатқан жоқ па? — Егізбай алғашқыда әзілмен шығарып салмақ еді, келе-келе Шекербектің қатты шоршуы оны шын үміттендіріп тастаған сияқты.

— Әй, қызықсың ба, өзің?!

— Бөлек те кетіп жүрсің ғой. Мүйіз шыққанын көргеніміз жоқ.

Шекербек шынымен-ақ ойланып қалды.

— Сонда мына екі қыршаңқы да ере ме? — деді, Рахым екеуімізге қарай сұқ саусағын кезеп тұрып:

— Бұл пақырларды қалай қалдырасың?

— Пақыр дейсің бе? Одан да қарысып қалған қисық десеңші.

Шекербек басын қасып біраз тұрды да, бір мезет маған жалт бұрылды.

— Әй, сары, әкел анау нейлон көйлегіңді.

— Құп болсын.

— Әй, тасқара, кереуетіңнің астындағы қара бөтеңкенді бері ысыр.

— Жарайды.

Қабыл, сені жау алмайды. Қара көзілдірігіңді мен киемін.

— Ала бер.

Шекербек басын қасып тағы біраз тұрды.

— Әй, неменеге қабағыңды қарс жауып жатырсың? Темекіге ақша таба алмасаң оған әуестеніп нең бар? — деді ол Қабылға тесіле қарап. — Әлгі саған “Москвада баяндама жасатқызамын” деп жүрген профессорға сәлем беріп қайтпаймысың. Ол шалдан темекінің небір билері табылар еді.

— Қарадай шекесі тырысып жатқан Қабылды қайтесің. Кешігіп қаламыз ғой. Жаңа танысқан қызға сыр білдірмеу керек, — деді Рахым.

Шекербек басын қасып тағы біраз тұрды да, бір мезет кереуетіне сылқ етіп отыра кетті.

— Қап. Оңаша түстеніп, сосын алабел машинаның біреуін оңаша жалдап, тау жақты серуендеп қайтуға келісіп едік.

Боласындар ма оған, мына сендер, желімдей жабысқан өңкей жалаңаяқтар.

Ол иіліп келе жатыр. Шым-шым деп, демімізді ішімізден алып біз отырмыз. Шекербек орнынан атып тұрып, үн-түнсіз шалбарын тазалай бастады.

— Сонымен не дейсің? Барымыз — алдында. Барамыз ба? — деді Қабыл манағы түйілген кейпімен. “Шекербек шамданып қалды-ау” деп қауіптеніп едік. Жоқ, ол жайдары үнмен, жайбарақат қана:

— Ал, жүріндерші, — деді.

Сол-ақ екен, орын-орнымыздан атып тұрып, асыға-үсіге киіне бастадық. Ол киімлігінің тасасына барып, теріс қарап тұрып, ақшасын санады.

— Майда бақырларды салдыратып қайтесің, тастап кет, — дейді Рахым шыдай алмай.

Шекербек үнсіз, қайтып келді де, жымыып күлді. Біз де күлдік. Күлмеске амал жоқ. Шекербектің кей-кейде аяқ астынан оп-оңай айнып қалатыны бар. Бір айныса — уәжге илікпейді. Уәжге илікпеген соң бәрі бітті дей бер. Тізіліп сыртқа шықтық.

Күн шақырайып алған екен. Шілденің шаңқай аптабы. Күйдіріп барады. Ып-ыстық леп дәл бетке ұрады. Бірақ жылымшы қапырықтан құтылдық. Зіл басқан мең-зендік лезде ғайып болды. Тынысымыз кеңіп, кеудеміз даңғырап шыға келді.

Көшеге шығысымен Шекербек манағы мүйіз көзілдірікті киіп алды. Алдымызда келе жатыр, алшаңдай басады. Жалпақ әлсемді жалғыз өзі тіреп тұрғандай-ау!

Оның соңынан тізіліп біз келеміз. Үнсіз келеміз. Өйтпеске амал жоқ. Әйтпесе, Рахым дегендер жарылуға жақын. Тек “ашуландырып алсақ — ресторанның ауылы алыстап кете ме” деп-ақ құрақ ұшамыз. Бәрін ұмытқан тәріздіміз. Дүниенің бар қымбаты — әлгі қызды көріп, аржағы ресторанға бару сияқты. Сол бір қысас ынтықтық буынымызға түсіп кеткендей. Одан әріні ойламаймыз. Одан әріні ойлауға шама жоқ.

Жатақхана алдындағы аядай базарды айналып өтгік те, орталық көшеге түстік. Екі жағын жасыл жапырақ жалпақ жол жисгі жанға рақат екен. Айтатыны жоқ сәкселік уақыт көп ретте жайдары-ақ қой. Әрине, асықпасаң. Көңіл-күйің көтеріңкі болса.

Әзір ол екеуінен де құралақан емеспіз.

Көшеде жүргінші көп екен. Ол көп жүргінші біздің Шекербектің кешегі кеш қосыла ән салған қызбен кездесуге

бара жатқанын қайдан білсін. Кей-кейде біреулері аңдамай қағып кетеді. Кей-кейде әдейі-ақ қағады. Өйткені Шекербек жалғанда асықпайды. Жұрт қашанғы оның артынан кібіртіктеп жүре берсін. Тар тротуарға сыймайды да, алара бір қарап алып, қағып кетеді. Бірақ оған қайғырып жатқан Шекербек жоқ. Жанынан өгіп жатқандар қағып кеткен сайын бізге қарап күліп қояды.

— Әй, Егізбай, ана жаман сағатыңа қарашы. — Тәмпіш танауы аспандаған күйі әр сөзін салмақтап, нәштеп айтты ол.

— Шеке, менің сағатым... — деп орта жолдан қосыла беріп ем:

— Сенен сұрап тұрғаным жоқ,— деп Шекербек жекіре тыйып тастады. — Анау айтсын!

Егізбай алдымен бізге қарап күлді. Сонсоң барып сағатына көз салды.

— Он екіге бес минут қалды.

— Не дейсің ей? — ол Егізбайдың жанына жетіп келді.

— Он екіге бес минут қалды.

— Шының ба? Кәне, көрсетші?

— Он екіге төрт минут қалды.

Ол жалма-жан өз сағатына қарады. Сонсоң бізге қарады. Жай қараған жоқ, алара қарады.

— Аяқтарыңды әлдемірек басуға ерінесіңдер. Жатқан бір байбатша... — Шекербек бізге қатты ашуланып барады. Маналы бері өзінің балпаң басқанымен түк ісі жоқ. Бізді кінәлап, бізге өлердей кіжініп барады. Сол мезет жанымыздан бір көккөз “Волга” өте беріп еді, ол құтқарушысын жаңа көргендей екі қолын ербеңдетіп, айқай салды.

— Әй, тоқта!

Машина әудем жерге барып тоқтады. Ұтқи жөнелген Шекербек жеткен бойда бұрылмастан алдыңғы орынға отырып алып, есікті тарс жапты. Жапатармағай біз де есікке кептелдік. Ана үшеуі әбжілдік қылып, бұрын мінді. Мен қалып қойдым.

— Сен сыймайсың, — деді айдаушы артына бұрылмастан. Сыймайтынымды өзім де біліп тұрмын.

— Өстіп қала бересің бе, енді? — деді Рахым қулана қарап.

— Шеке, болашақ жеңгейге сәлем айтыңыз, — дедім.

Сол-ақ скен, Шекербек менің қолыма умаждалған бір сомдықты ұстата салды да:

— Жаяу салпақтай бермей, осындай машинаның біреуін жалдап кел, — деді. Жай айтқан жоқ, нығарлап айтты.

Машина жеңіл қозғалып, зырғып берді. Жан-жағыма қарап едім, манағы ағыл-тегіл жұрт саябыр тартқандай. Жол ортасында жалғыздан-жалғыз состиып тұра беру — ыңғайсыз екен. Шеткерірек шықтым. Қолымда — умаждалған бір сомдық. Мащинаны күткім келмейді. Көңілдің өзі де жаңағы алып-ұшқан желөкпелігінен тана бастаған. Әлгі әзірдегі буынға түсіп кеткен қысас ынтықтықтың бәрін машинаға мінген төртеуі ала кеткендей. “Енді асығатын не бар, жаяу-ақ барсам ше...”

Шекербектің қызбен кездесетін жерін түнде-ақ естігенмін — орталық байланыс үйінің алдындағы гүл алаңы. (Жұрт көрсін деген шығар).

Жол-жөнекей ойға қалдым. “Міне, Шекербек те қызбен танысыпты... Уақыт өткен сайын жаңа таныстар көбейіп келеді. Оның есесіне бір бөлмеде тұратын бесеуіміздің шүйіркелесуіміз сиреп барады...”

Асықпай-саспай әлденуақыттан соң келсем, қыз жоқ екен әлі. Ана үшеуі көлеңкедегі орындықта тізіліп отыр. Шекербек өрлі-берлі теңселіп жүр.

Мен де отыра кеттім.

— Мынаның қызы келмесе, ресторанның бүгінгі тәтті тамағынан қағыламыз-ау. — Егізбай бізге қауіптен қарайды.

Әжем әрдайым “күдай жастың тілеуін береді” дейтін. Тілеңдер. Келсін деп тілеңдер. Келді бар ғой, бүгін бір шалқимыз. Шекербектің аянатын түрі жоқ. — Рахым орындықтың арқалығына шалқая кетті.

— Бәсе...

Төртеуіміз де Шекербекке жалт қарадық.

— Келе жатыр. — Ол тәмпиш танауы делдиіп күлген болды. Қолын қалтасына салды. Қайтып алды. Шашын сипады. Үстін қақты.

— Қай жақта? — деді Егізбай.

— Көзіңді ашып қарасаңшы.

Мен де жаңа байқадым, орталық байланыс үйінен шығып келе жатыр екен. Оның да көзінде қара көзілдірік. Жақындай берді. Төртеуіміз де өре түрегелдік. Шекербек бізге алара бір қарап алды да, қызбен қатарласа берді. Сонсоң күлді. Күлді де:

— Тегінде қыздардың кездесуге сәл кешігіп келгені жарасады. Өзіміз мұндайда күн-түн күтуге бармыз, — деді. Бір түрлі жұмсақ жұғысып, көп күткенін мақтаньш тұта айтады.

Қыз орта бойлы, дөңгелек жүзді, қараторы екен. Бірақ беттегі қалың жағылған опа сол қара торылығын жасырмақшы

болып, көп әуреленіпті. Дегенмен ештеңе шығара алмаған. Көктемде өткінші жаңбырдың қағы тұрып қалған шаңдақ күн ысыған кезде ақкебіршектеніп жататын еді. Сол сияқты. Өзі әжептәуір толық екен. Тоқбалтыр. Біз өкшелі туфли сетінеп кетердей, аяғын басқан сайын тырс-тырс етеді. Шашын қырықпаған. (Кім білген, алдымен қырқып, кейін жалғап алған шығар, мүмкін). Темір қысқыштардың күшімен жалқаудың жалғыз сиырына жинаған жұлым-жұлым шөмелесіндей қылтитып дәл төбесіне үйіп қойыпты. Көйлегінің өңірі көп ашық. Шығынқы төсі де ерек “мен мұндалайды” екен.

Мұрынды қытықтайтын бір үлпілдеген әтір иісі аңқып кетті. Неге екенін білмеймін, жүрегім дүрс-дүрс соғады. Енді сәлемдесуге ыңғайлана бергенімде:

— Көп кешіктім, ә? — деп қыз алдымен тіл қатты.

— Гапу етерсіздер. Менің мамам бір қызық кісі. Жинала бастап ем, “ана көйлегінді ки, мына көйлегінді ки” деп болмай қойғаны. Көзілдірігімді де ұмытып кете жаздаппын.

— Оқасы жоқ, — дей бергенім сол еді:

— Айттым ғой, күткен жақсы, қыздың сәл кешіккені жақсы. Ештеңе емес, түк те оқасы жоқ, — деп енді Шекербек желе жортын кетті.

— Күн ыстық екен.

— Бері көлеңкеге тұрсаңшы. Қазір. Салқындайтын бір орын табармыз, — деп Шекербек бізге қарады.

— Таппағанда ше? Осы қаланың ішінде бізді күтіп алатын саялы төр аз емес шығар.

— Е, оған сөз бар ма?

— Қазір-ақ барамыз...

— Рақмет сіздерге. Асығып келіп, амандасуды да ұмытып кетіппін. Айып етпеңіздер, — деді қыз тағы майыса сөйлеп.

Көрген бетте сәлемдеспегеніміз есімізге жаңа түскендей біз де жамырап қоя бердік.

— Сәлеметсіз бе?

— Сәлеметпісіз!

— Сәлеметсіз!

— Сәлемет...

Қыз бізге көзінің астымен көп қарады. Сол сәт мен өлгіндегі мұрынды қытықтайтын лүпілдеген әтір иісін жақыннан құмарлана жұттым. Біреу үстіме жұпар суды аямай бүркіп жатқандай тұла бойым шымырлап барады.

Қыз бір кезде сағатына қарады да:

— Түнде айтқан жолдастарыңыз ғой, ә? — деді.

— Иә, — деді Шекербек жұлып алғандай.

— Міне, бір тілегім орындалды. Сізге көп рахмет!

Қыз жайраң қағады. Біз де әжептәуір көтеріліп қалдық. Бірақ қыздың әлгі “бір тілегін” түсінгеніміз жоқ.

— Танысып қойыңдар, — деді Шекербек селқос. Бірақ оның селқостығын елей қоймадық. Жапатармағай қолымызды ала жүгірдік.

— Қабыл.

— Егізбай.

— Рахым.

— Керімбек.

Қыз болар-болмас қана езу тартты. Бірақ сол “болар-болмастың” ар жағында кұпия бір ықыластың тұртпектеп тұрғанын аңғару қиын емес еді. Өйткені маңдайдағы жалғыз сызық ойнақшып кетті. Сосын қол ұсынғанда жұмыр білегі бұлғандап жатты. Тағы да, басын оң иығына қарай босатыңқырап барып, бір қарайды да, кері тартып ала қояды.

Әлден уақыттан кейін ол бізге дүниенің ең бір қиын кұпиясын айтқандай сыбырлай тіл қатты:

— Гүлжан! — Ол қолын ұсына беріп еді, бәрінен бұрын шап етіп, ұстай алдым. Алақаны тершіп тұр екен. Жүп-жүмсақ. Ап-ауыр. Әлгі бұлғаң білектің ауырлығы сияқты.

— Жақсы екен, — дедім.

— Иә, Антарктида дегеннен тәуір ғой. — Гүлжан біз сияқтыларға өз есімінің ұнайтынын біледі екен. Дөп сөйледі. — Қазір қарапайымдылыққа жететін ешнәрсе жоқ.

— Осы жерде көп тұрып қалдық-ау, — деді Рахым жақауратып.

— Иә, таныстықты жалғастырап орын бұл емес.

— Кеттік пе?

— Кеттік.

— Қайда?

Шекербекті аяқ астынан бір көңілсіздік басты. Кім білсін, қыз келген бойда кұшағыма кұлай кетпеді деді ме, әлде біздің Гүлжанға сұқтана қарағанымызды жақтырмады ма, әйтеуір жоқ жерден кіржиіп шыға келді.

Біз қипақтай бастадық. Жан-жағымдағылардың көзінен “іс насырға шабатын болды-ау” дейтін қауіпті айнытпай танып келемін. Ендігі үміт Гүлжанда қалды. Шекербектің қабағы қалындаған сайын қыздың көңілдене түсуі іштей “иә, иә” дегізетін сияқты.

Біздің қаупімізді сезгендей-ақ Гүлжан сылқ-сылқ күліп алды да, Шекербекке қиыла қарады. Сонсоң көзілдірігін қолына алып:

— Сіздің түндегі ән салғаныңыз... — деді еркелей. — Үлкендер жағы көп мақтады ғой. Әсіресе, әлгі бір үлкен кісі еліте тыңдады. Сізді өз столына әдейілеп шақырып алғаны есіңізде болар. Жаныңызда отырып қаншалықты көтеріліп қалғанымды түнде-ақ айтып ем ғой. Ал енді сызылып отырған жұрттың жамырай қол соққандарын да ұмытпаған шығарсыз...

Маналы бері осы сәтті күткендей-ақ Шекербек басын өнтек көтеріп алды. Сонсоң танауы делдиіп, күлімсірей берді.

— Бәкең ғой. “Үйге келіп ән салып берші” деп жата-жабысқанын сен естідің бе?

— Естімегенде ше. Жаныңызда отырған жоқпын ба?

— Солай екен-ау өзі. — Ол Гүлжанға қарай береді. Ыржиып күле береді. Біз де Гүлжанға қарай береміз. Күле береміз. — Әсте салған жерде ол кісінің үйіне бару — ыңғайсыз шығар. Әйткенмен, кабинетіне кіріп, сәлем берудің еш сәкеттігі жоқ, — дейді Шекербек жаңағы әңгіменің тізгінін босатқысы келмегендей.

— Ондай үлкен кісі ықылас білдіріп, шақырып отырғанда бармауға тіпті болмайды ғой, — дейді Гүлжан.

— Ол рас, — дейді Шекербек.

Бір мезгілде қыз бізге қарап:

— Неге үндемейсіздер? — деген.

— Мұндайда Шекеңнің мазасын алуға болмайды, — деп Рахым іліп қалды.

— Бұлардың сөзіне құлақ салудың керегі жоқ. Жаңа ертіп те шықпайтын едім. Кеше өзің “таныстыр” деген соң. — Шекербек бізді көзімен ішіп-жеп барады.

— Неге олай дейсіз, той үстінде төртеуін қанша мақтадыңыз, — деді Гүлжан.

Сол бетімізбен салып ұрып, үлкен бақ ішіндегі ашық ресторанға келдік. Шеттегі оңаша столға даяшы келіншектің өзі шақырды.

— Мінеки, “жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады” деген осы да. — Рахым жайнап сала берді.

Сыртына “дастарқан мәзірі” деп жазылған жұлма-жұлма кітапшаны алдымен Гүлжан қолына алды да, аударыстырып көп отырды. Әрі аударыстырды, бері аударыстырды. Ақырында келіп:

— Осы сіз тандаңызшы. Сіздің тандағанымыз босын, — деп кітапшаны маған ұсынды.

— Е, ол істікке шаншыған шикі еттен басқаны білмейді, — деп Шекербек тап беріп еді, Гүлжан неге екені белгісіз:

— Сізге бір тілегімді өткізе алатын шығармын, — деп қиылып отырып алды.

Егізбай мен Рахым жымың-жымың етеді. Қабыл темекі түтінін будақтатып, өзімен-өзі отыр.

— Қиын болды ғой, — дедім мен. — Ұнамай қалып жүрсе...

— Не болса да көрейік, — деді Гүлжан күліп.

— Сен немене тәлімсіп, — деді Шекербек жақтырмаған пішінмен. Сол қамшы болды білем:

Алдымен суығын корейік, — дедім асығыстап. Даяшы келіншек те қаламын қолына алып, оқтала берді.

— Қияр, помидор, пиязды бүтіндей әкеліңіз. Қаймақ ұмыт қалмасын. Сосын бір бөтелке шампан, бір бөтелке коньяк. Үш-төрт бөтелке мұздай су...

— Сыраны ұмытпа, — деді Егізбай.

— Сыра ішпейміз, — дедім мен. Шипалы су ішеміз. Сосын бір-бір лангет — тек жаңа сойылған семіз тайыншаның еті дегені рас болса!

— Бұл ешкімнің жұмырына жүк болмас. — Егізбай мырс етті.

— Ә, ұмытып барады скенмін. Мұздай тауық еті. Оны да бүтіндей әкеліңіз. Кейінірек бір шайнек ащы шай демдеп берерсіз.

— Өз құлқыныңды ойлай бергенше Гүлжанды да ұмытпасаңшы. Бұларға сәл ерік берсең, осы ғой — бетіңмен жер бастырады, — деп Шекербек дүңк ете қалды. Даяр тұрған даяшы келіншек:

— Плитка шоколада, — деді.

— Жоқ, — дедім мен тағы асығыстап. — “Қызыл қызғалдақ” әйтпесе “Маймақ маймыл”, әйтпесе “Тәттінің төресі” деген бар. Содан әкелерсіз.

Гүлжан маған қарады.

— Е, бәсе, — деді сонсоң. — Сабын татитын шоколад қалып барады ғой қазір...

— Темекіні ұмытпа, — деді Қабыл. — “Беломор”.

— Мейлі, саған “Беломор” болсын. Ал, бізге құшырлана соратын жұмсақ сигарета, — дедім жарыса.

— Осы-ақ па? — Рахым танданған кейіппен басын көтерді.

— Айтпақшы, тағы бір бөтелке коньяк пен шампанды тоназыпқышқа салып қойыңызшы, — деп Шекербекке қарадым.

— Жаудан мал айырмақшымысың, ей?

— Шеке, бұл Гүлжан скеуіңнің дастарқаның, — дедім оған жалт қарап. — Әсте тарылмаған жөн ғой.

— Тарылмайтын жерде десеңші. — Рахым төмен қарайды.

Даяшы келіншек кетіп қалды. Үнсіз отырмыз. Сол үнсіздік Гүлжанға қиын тиіп отыр. Қозғалақтай береді.

Ақыры ол шыдамады.

— Бесеуіңіз бір бөлмеде жатасыздар ма? — Гүлжан үнінде бір бейғам жанашырлық жатты. Шекербек мұны өзінше ұғып, бәріміздің алдымызды орағытып кетті.

— Әлдеқашан-ақ пәтер жалдауға болатын еді. Үйренісіп қалған соң қиын екен. Осыларды несіне қимайтынымды өзім де білмеймін.

— Шынында қиын шығар. Аядай бөлмеде бес адам.

Бір күн емес, екі күн емес.

— Қиын түгі де жоқ — деді Қабыл. — Көңіл сыйған соң болды да.

— Сіз ренжімеңіз, — деді Гүлжан оған бұрылмастан. — Мен әншейін.

— Әншейін емес. Шыны сол! Хан сарайынан бірде-бір кем емес.

— Сендім, — деді қыз.

— Әсте сіз студент болып көрмегенсіз ғой, — деп қалды.

Қабыл.

— Мүмкін... — Гүлжан селқос күлген болды.

— Өкінішті-ақ, — деді Қабыл.

Көп ұзамай майда желіп даяшы келді. Демде столдың үсті толып кетті.

Жұрттың бәрі Қабыл айтқан үлгі “хан сарайының” төрінде отырғандай сіресіп қатып қалған. Мұндайда қолы тыным таппайтын Рахымның өзі тартыншақтап отыр.

— Ау, жігіттер, — дей беріп еді Гүлжан.

— Жок, бұларды дастарқанның мысы басып кетті, — дедім мен. — Қиналмай-ақ қойыңыз.

Сол-ақ екен, көп қол дастарқанға лап қойды.

Алдымен бәріне шампан құйдым.

Шекербек иығын қомдап, жөткірініп алды. Осы стол басының бар билігі өз қолында екеніне мықтап сенулі.

Біз де мойынсұнып отырмыз.

Аздан кейін.

— Сенің қуанышыңа! — деді ол қызға ентелей түсіп.

— Таныстыққа болсын да! — деді Гүлжан. Деді де кідірместен алып жіберді. Бізден не қалсын. Таңдайымызды тақ-тақ еткіздік. Бастырмалата тағы құйдым. Енді шампан тек Гүлжанның еншісіне тиді де, қалғанымыз коньякқа ауыстық.

Шекербек иығын қомдап, ортадағы табақты Гүлжанның алдына жақындатып қойды. Сонсоң тамағын кенеп, аз-кем отырды да: